ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **№204** **ПРИКАЗ**

**Қаратал ауылы** **«04» «09» 2021 жыл**

**Ұлдпр мен қыздар ұйымының жұмыстары туралы.**

1. Мектепте ұлдар мен қыздар ұйымының жоспары жасалып, бекітілсін. етілсін.

2. Ұлдар мен қыздар арасында зиянды әдеттердің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында түрлі пәндік, спорттық үйірмелерге тарту, тренингтер өткізу арқылы жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылсын.

3. . Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры: Г. Бекжанова**

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
____Г. Бекжанова

## №52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылына арналған ұлдар клубының іс-шара жоспары

| № | Тақырыбы | Түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұлдар клубының жұмыс жоспарын құру | жоспар құру | қыркүйек | ДТІЖО М.Кузенбаева клуб жетекшісіАяпов Т |
| 2 | Ұлдардың үйірмеге қамтылуын қадағалау | үйірмеге тарту | қыркүйек | клуб жетекшісіАяпов Т |
| 3 | №1ұлдар жиналысы | жиналыс | қыркүйек | клуб жетекшісіАяпов Т Мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев |
| 4 | Мектеп инспекторымен және басқа үкіметтік емес ұйымдармен кездесу | кездесу | уақытында | ДТІЖО М. Кузенбаева клуб жетекшісіАяпов Т Мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев |
| 5 | Қазақтың ұлтық ойындарын ұйымдастыру, | Спорттық ойындвр | қазан | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері |
| 6 | «Ұлдардың жеке бас гигенасы» | Кеңес | қараша | Медбике З. Искакова |
| 7 | Ұлдарға кеңес | психологиялық кеңес | желтоқсан | Мектеп психологы Б. Кенжебаева |
| 8 | №2 5-8ұлдары арасында жиналыс өткізу | жиналыс | қаңтар | ДТІЖО М. Кузенбаева Клуб жетекшісі Аяпов Т |
| 9 | «Күш атасын танымас» | Спорттық сайыс | ақпан | Лене шынықтыру пәні мұғалімдері |
| 10 | «Достық шеңбері» тренинг | тренинг | наурыз | Мектеп психологі Б. Кенжебаева |
| 11 | №3 ұлдар жиналысы | жиналыс | сәуір | ДТІЖО М. Кузенбаева Клуб жетекшісі Аяпов Т |
| 12 | 7мамыр «Жігіт сұлтаны» | сайыс | мамыр | Тәлімгер Ш.Анарқұл ДТІЖО М. Кузенбаева |
| 13 | №4 ұлдар жиналысы | жиналыс | мамыр | ДТІЖО М. Кузенбаева Клуб жетекшісі Аяпов Т |
| 14 | Өткізілген жұмыстарды қорытындылау | қорытынды | мамыр | ДТІЖО М. Кузенбаева Клуб жетекшісі Аяпов Т |

ДТІЖО: М. Кузенбаева
Клуб жетекшісі: Т. Аяпов

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 5-10 сыныптар аралығында өткізілген ұлдар жиналысы**

**Хаттама №4**

**Қаратал ауылы**

**16.09.2021 ж**

**Қатысқаны:**

5-10 сын ұлдары - 42
Мектеп инспекторы полиция капитаны - Д. Тоғызбаев
ДТІЖО - Кузенбаева М
АӘД жетекшісі - Т. Аяпов
Педагог-психолог -Б. Кенжебаева
Тілімгер - Ш. Анарқұл

**Күн тәртібінде:**

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу
учаск Никто не решился оставить свой комм
елік инспектор Д. Тоғызбаев
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі. М. Кузенбаева
3. Кибербуллинг жайында не білесің? Б. Кенжебаева

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі 1 мәселе мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев:Балаларға құқық бұзушылық және оған қолданылатын шаралар жайында айта келе жасөспірімдер арасында белең алған мотоцикл жүргізушілері тарапынан болатын жол-көлік оқиғалары жайлы айтып өтті.Кез келген ауыр және 50 км жылдамдықтан жоғары жүретін көлік түрлерін жүргізу үшін арнайы құжат болуы міндетті жайлы және 18 жастан жоғары құқылы екені жайлы айтылды.Ішкі істер қызметкерлер мамандығын таңдағандарға кәсіби бағдар берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева оқушылардың өмір қауіпсіздігі жайлы мағұлмат беріп өтті.
Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Б. Кенжебаева әлеуметтік желіде белең алған кибербуллинг жайында айтып өтіп, бейнероликтер көрсетті.Оқушыларға күйзеліс пен өмір қиыншылығы жағдайында көмек сұрауға нысандарды айтты.

**Шешім:**

1. Құқық бұзушылықты алдын алу жөніндегі барлық ескертулер мен хабарламалар ескерілсін
2. Жасөспірімдерге құжатсыз көлік жүргізуге болмайтындығы қатаң ескертелсін.
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен кибербуллинг жайлы хабарлама ескерілсін.

**Жиналыс төрағасы:** **Т. Аяпов**

**Хатшы:** **Ш. Анарқұл**

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің**

**мектепшілік ұлдар жиналысының**

**Хаттама №2**

22.12.2021 ж Қаратал ауылы

Қатысқандар:
Ішкі істер қызметкерлері, участкелік полиция қызметкерлері Д. Тоғызбаев ДТІЖО М. Кузенбаева, мектеп психологы Б. Кенжебаева, ұлдар жетекшісі Т. Аяпов, сынып жетекшілер және 5-11 сынып ұлдары барлығы 32 оқушы.

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу

Участелік инспектор Д. Тоғызбаев

2. Ұл балалардың тәртібі, сабакка катысуы. Аяпов Т

3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы. ДТІЖО М. Кузенбаева

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев:

Балаларға құқық бұзушылық және оған қолданылатын шаралар жайында айта келе жасөспірімдер арасында белең алған мотоцикл жүргізушілері тарапынан болатын жол-көлік оқиғалары жайлы айтып өтті.Кез келген ауыр және 50 км жылдамдықтан жоғары жүретін көлік түрлерін жүргізу үшін арнайы құжат болуы міндетті жайлы және 18 жастан жоғары құкылы екені жайлы айтылды.Ішкі істер қызметкерлер мамандыгын тандағандарға кәсіби бағдар берді.

2 Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ұлдар жетекшісі Аяпов Т тәртібі жайлы баяндама жасады.

3. Үшінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева оқушылардың өмір қауіпсіздігі жайлы мағұлмат беріп өтті.

**Шешім:**

1. Құқық бұзушылықты алдын алу жөніндегі барлық ескертулер мен хабарламалар ескерілсін
2. Жасөспірімдерге құжатсыз көлік жүргізуге болмайтындығы қатаң ескертелсін.
3. Ұл балалардың сабакка катысуы мен тәртібене көңіл бөлінсін.

Жиналыс өрағасы: Т. Аяпов
хатшы : Ш. Анаркұл

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің**
**5-11 сыныптар аралығында ұлдар жиналысы**
**Хаттама №3**

**22.02.2022ж** **Қаратал ауылы**

**Қатысқаны:**
**5-11 сынып ұлдары - 34**
**ДТІЖО - Кузенбаева М**
**АӘД жетекшісі - Т. Аяпов**
**Педагог-психолог -Б. Кенжебаева**
**Тілімгер - Ш. Анарқұл**

**Күн тәртібінде:**

1. **Құқық бұзушылықтың алдын алу жайлы**
   **АӘД жетекшісі Аяпов Т**
2. **Қылмыс неден туындайды? (пікір талас)**
   **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Кузенбаева М**
3. **Әртүрлі мәселелер**

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп АӘД жетекшісі Т. Аяпов сөз алып, мектеп жасындағы оқушылар арасында есірткі заттарды пайдаланатын жасөспірімдер де бар екенін айта келіп, есепте тұратын оқушылардың санына тоқталып, нашақорлық арқасында қанша жасөспірімдер дертке шалдыққанын айтты.**

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева сөз алып, «Қылмыс неден туындайды?» деген тақырыпта оқушылармен пікір талас жүргізді. Пікір таласқа оқушылар белсене қатысып, 10-11 сынып ұл балалары өз ойларын ортаға салды.Оқушылар өз ойларын еркін түрде айтып, қызықты, тартысты өтті.**

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. **Оқушылардың арасында қылмыстың алдын-алу жұмыстары жандандырылсын.**
2. **Балалардың тәртібі сынып жетекшілер тарапынан қадағалауға алынсын.**

**Жиналыс төрағасы:** **Т. Аяпов**
**Хатшы:** **Ш. Анарқұл**

# Анықтама

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2021-2022 оқу жылының 15 қазан күні 8-10 сынып ұлдары арасында қазақтың ұлттық ойындары асық ату, арқан тарту жарысы өтті. Жарысқа 4-6 сынып ұл балалары қатысты.

**Мақсаты:**

Ұлдар арасында ауызбіршілікті ұлғайту, достық қарым- қатынасты нығайту, ер баланың бойында жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту. Жарыста ұлдар өте белсенді қатысты. Нәтижесінде 5 сынып ұлдары жеңіске жетті.



## Дос және достық» тренинг сабақ

**Мақсаты:** Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту.

**Міндеті:**

1. Адам қарым-қатынасындағы достық ұғымы туралы түсінік беру;

2. Оқушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету.

**Сабақтың барысы:**

**Кіріспе әңгіме:** -Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, оқушылар!

Сабағымызды бастамастан бұрын тренинг ережелерімен танысайық.

### I. Тренинг ережелері.

1. Бір-бірін сыйлау.
2. Көңілді болу.
3. Ұзақ уақыт сөйлемеу.
4. Бір-біріне қамқоршы болу.

Осы ережелермен келісесіздер ме?

### II. Қызығушылықтарын ояту

- Балалар, мына тағамды татып көріңдерші, дәмі туралы не айтар едіңдер?

( дәмсіз, тұзсыз)

- Балалар, ендеше өмірде **доссыз адамды** да осы тағамға ұқсатуға болады. Доссыз адамның өмірінің мәні, сәні болмайды, тағамның тұзсыз дәмі болмаған секілді.

- **«Доссыз адам – тұзсыз тағам!»** - деп, бекерге айтылмаған. Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыздар? (дос, достық )

- Дұрыс балалар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы « Дос және достық».

### III. Ассоциация қабылдау сезімі.

Жаңа біз сіздермен **«Доссыз адам – тұзсыз тағам»** дедік.

Ендеше, **« ДОС »** сөзіне дәм кіргізейікші, дос қандай болу керек? Дос ол кім?

- Балалар, алдымызда күннің көзі, күннің көзіне не жетіспейді?(сәулелер)

- Ал, енді бұл күннің көзін достық шуақтарымен толтырайық.

( тақтада берілген күн **«ДОС»** сөзіне « шуақтарын » жазу ).

**ДОС: Көмектеседі, мейірімді, қайырымды, шыншыл, жанашыр, қамқоршы, ұқыпты, білімді, адал.**

### IV. Шаттық шеңбері.

Ендеше, бір-бірімізбен қол алыса отырып, өз ұранымызды айтайықшы.
Дос болайық бәріміз,
Жарассын достық әніміз.
Иықтасып жүрейік,
Қиындықта бәріміз. ( қимылмен көрсету )

**V. Мәтінмен жұмыс. Екі дос.** *(Ел аузынан)*

Ертеде ел арасында жаугершілік жиі болатын кезде қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады.

Бірде әскерлер бір өзеннің бойында қос тігіп дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Малды айдап, мүліктерін тиеп кетіпті. Қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасшыға апаруын өтінеді. Алып келген соң ол жаудың қолбасына:

- Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбастап берер мал мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол - өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар, ол үшін менің өмірімді алыңдар, - дейді.

Қолбасшы ойланып отырып, оны сынамақ болады да:

- Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады, - дейді.
- Ол не? – дейді досын құтқаруға асыққан жігіт.
- Маған сенің көздерің керек? – дейді қолбасы, - екі көзіңді ойып аламын.
- Ол да болсын, көзімді ал да, досымды тезірек босат, - дейді.

Жігіт бұл сыннан сүрінбей өтеді.

Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын салып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады.

Мұны көрген жаудың қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады» - деп түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық беріпті.

- ***Осы әңгімеде қандай достық туралы айтылады?***

(Екі жауынгердің адал достығы туралы айтылады)

**VI. Дәйексөз.**

- Балалар, бүгінгі тақырыбымыздың дәйексөзі **«Шын дос – таусылмас қазына»** осы дәйексөзді қалай түсінесіңдер?

Осы жауынгерлердің достығын мысалға алуға болады.

**VII. «Достық. Бірлік.» үйін салу.**

- Балалар, біздің адал достарымыз әлде де көп болу үшін, үлкен үй салуымыз керек. Сол үлкен үйді бәріміз бірге салып көрейік. Үйді салуға бізге мақал-мәтелдер көмектеседі.

**Мақал-мәтелдер**

1. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.
2. Досың мың болса да – аз,
Дұшпаның біреу болса да – көп.
3. Досыңменен дос болғанға шаттан
Дұшпаныңмен дос болғаннан сақтан.
4. Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық.
5. Дос басқа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды.

## VIII. Социометрия әдісі.

**Мақсаты:** Балалардың ұжымдағы өзара қарым-қатынасын анықтау, алынған мәліметтерді оқу-тәрбие жұмыстарында қолдану, топ ішінде психологиялық қолайлы жағдай орнату.

**Нұсқау:** Балалар, берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. ***Кіммен дос болғың келеді?***
2. ***Партада кіммен бірге отырғың келеді?***
3. ***Мерекелерде кімге сыйлық бергің келеді?***

## IX. Достық ролигі

- Адамдар тек қана бір-бірімен дос болып қана қоймайды, қоршаған ортамен де дос болады екен. (Ролик)

## X. «Қоршаған ортамен қарым-қатынас» тесті

- Қоршаған ортамен достықтарын болды ма?

| № | Қоршаған орта | Достармен | Табиғатпен | Құстармен | Кітаппен | Жануарлармен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сұрақтар | | | | | |
| 1 | Сіз кіммен доссыз? | | | | | |

**XI. Қорытынды:** Балалар, қалай ойлайсыңдар шын достық ұмытыла ма?

**Эссе**

1. Достық дегенді қалай түсінесіңдер? Осы суреттерге өз ойларыңды жазып жеткізіңдер.

2. Жазып болдық па? Енді осы жазғандарыңды оқып беріңдер. Суреттеріңді тақтадағы достық әлеміне орналастырыңдар.

**XII. Шығармашылық жұмыс.** Достық гүлін жасау.

## XIII. Жүректен жүрекке

- Балалар, достық шеңберін құрайық,

**Дос дегенің шыр айна,**
**Сындырып алма абайла,**
**Сындырып алсан егер де,**
**Құрастыру оңай ма?**

- Балалар сондықтан достықты ешқашан сатуға, сындыруға болмайды, достықтарыңа берік болыңдар. Бір-бірімізге жылы тілектермен, мейірімді сөздермен осы достық гүлімізді сыйлайық.

**XIV. Қорытынды. Достық жүрегі.**

Әрине, доссыз өмір – өмір емес,
Әрине, доссыз көңіл – көңіл емес.
Доссыз сен ассаң дағы биік белес,
Бұлардың барлығы да болар елес.

Дос болғанға жүрегімде орын бар,
Доссыз болсаң төбен бұлтты, астың жар.
Доссыз болсаң қызық болмас қуан жүз,
Алдың от боп, артың сенің болар мұз.

Достар болған асқар биік таулардай,
Достар болған, дұшпан алмас ормандай,
Достар болған қара қылды жарғандай,
Азулары алты қырыс арландай.

Достар болған бірін-бірі сыйлайтын,

Алыс кетсе бірін-бірі қимайтын.

Бірі жоқта екіншісі құлазып,

Сағыныштан бұл дүниеге сыймайтын.